БИСАЛИЕВ МАРЛЕН САКЕНОВИЧТІҢ

«8D04201 - Халықаралық құқық» білім беру бағдарламасы бойынша «Жаһандық және ұлттық ақпараттық кеңістікте жеке ақпаратты қорғаудың халықаралық құқықтық аспектілері» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының

АҢДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Диссертациялық зерттеудің өзектілігі жаһандық ақпараттық кеңістіктің терең трансформациясымен және жеке деректердің экономикалық дамудағы стратегиялық ресурс, әрі халықаралық-құқықтық қорғаудың дербес объектісі ретіндегі маңыздылығының артуымен айқындалады. Жеке деректердің трансшекаралық ағындарының қарқынды өсуі, жасанды интеллект (ЖИ), үлкен деректерді өңдеу технологиялары және алгоритмдік профайлдау жүйелерінің кеңінен енгізілуі халықаралық-құқықтық реттеу жүйесі алдында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлерді туындатуда. Территориялық егемендік қағидатына негізделген қолданыстағы құқықтық режимдер цифрлық технологиялардың экстерриториалдық сипаты мен алгоритмдік шешім қабылдау жүйелерінің ашық еместігі жағдайында өз тиімділігін жеткілікті дәрежеде көрсете алмай отыр.

Жаһандық реттеушілік ортадағы фрагментацияның үдеуі ерекше өзектілікке ие. Қазіргі кезде Еуропалық Одақтың құқықкорғау тәсілі (27 сәуір 2016 ж. ЕО Парламенті мен Кеңесінің 2016/679 Регламенті (GDPR)), АҚШ-тың салалық реттеу моделі және Қытай Халық Республикасының мемлекеттік-бағдарланған тұжырымдамасы бойынша жеке деректерді қорғаудың негізгі модельдері арасындағы доктриналық және нормативтік алшақтықтар тереңдеп келеді. Бұл фрагментация юрисдикциялар арасындағы қайшылықтарға, құқықтық анықсыздыққа және жеке деректерді заңды трансшекаралық беруге (алмасуға) тосқауылдардың пайда болуына алып келеді. Диссертациялық жұмыста бұл құбылыс - технологиялық дамудың қарқыны мен халықаралық және ұлттық құқықтың бейімделу деңгейі арасындағы жүйелі алшақтықтан туындайтын реактивті, фрагментарлық және жиі жағдайда жүйесіз нормашығармашылықпен сипатталатын құқықтық жағдайда «нормативтік турбуленттілік» ретінде айқындалады.

Халықаралық қоғамдық құқық контекстінде жеке деректерге қатысты трансшекаралық инциденттер үшін мемлекеттердің жауапкершілігі мәселесі күрделене түсуде. Халықаралық құқыққа қарсы әрекеттерге қатысты нормаларды қолдану және киберкеңістіктегі мемлекеттің әрекетінің нақты критерийлерін әзірлеу қажеттілігі терең доктриналық түсінуді талап етеді.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық мәнге ие. Елдің цифрлық трансформацияға және жаһандық ақпараттық экономикаға интеграцилық бағыты (2025 ж. 8 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің жасанды интеллект технологияларын кеңінен енгізу жөніндегі Жолдауымен расталған) ұлттық құқықтық жүйенің алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттармен (Жеке деректерді автоматтандырылған өңдеу кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы Конвенция (ETS №108) және оған

түзетулер енгізілген 108+ нұсқасы, GDPR) үйлесімділігін қамтамасыз етуді міндеттейді. Бұл стратегиялық бағыт 2025 жылғы қарашада өткен «Орталық Азия - АҚШ» саммитінде практикалық қолдау тапты. ЖИ жүйелерін кең көлемде енгізу, спутниктік байланыс инфрақұрылымын дамыту, цифрлық төлемдер мен киберқауіпсіздік бойынша құзыреттер орталығын құру жөніндегі келісімдер Қазақстанның технологиялық инфрақұрылымының жедел интернационализациялануын айғақтайды. «Тиісті қорғау деңгейіне» қол жеткізу халықаралық ынтымақтастық пен дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғаудың негізгі шарты болып табылады. Алайда 2024-2025 жылдары орын алған персоналдық деректер қауіпсіздігі режимінің күрделі бұзушылықтары ұлттық реттеудегі жүйелі кемшіліктерді - дербес деректерді қорғау жөніндегі тәуелсіз уәкілетті органның жоқтығын, тәуекелге негізделген тәсіл мен есептілік қағидатының жеткіліксіз имплементациясын - айқын көрсетті.

Осыған байланысты жеке деректерді қорғаудың халықаралық-құқықтық тетіктерін технологиялық сын-қатерлерді және ұлттық тәсілдерді ақпараттық өзін-өзі айқындау қағидаттары негізінде үйлестіру қажеттілігін ескере отырып кешенді талдау жаһандық және ұлттық құқықтық реттеуді жетілдіру үшін ерекше маңызға ие.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты - жаһандық және ұлттық ақпараттық кеңістікте жеке (персоналдық) ақпаратты (персоналдық деректерді) қорғаудың теориялық және практикалық аспектілеріне кешенді халықаралық-құқықтық талдау жүргізу және осының негізінде халықаралық-құқықтық және ұлттық реттеу тетіктерін жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

- жеке (персоналдық) ақпаратты халықаралық-құқықтық қорғау объектісі ретінде оның ұғымын, мәнін және қорғау шектерін ашу;
- жеке ақпаратты қорғаудың халықаралық-құқықтық эволюциясын, қайнар көздерін және қағидаттарын талдау;
- персоналдық деректерді қорғауды зерттеудің әдіснамалық негіздерін, соның ішінде жалпығылыми және жекелеген ғылыми таным әдістерінің жиынтығын негіздеу;
- персоналдық деректерді қорғау саласындағы қатынастардың негізгі субъектілерінің халықаралық және ұлттық құқықтағы құқықтық мәртебесін айқындау және сипаттау;
- персоналдық деректерді қорғаудың халықаралық-құқықтық құралдары мен тетіктерін (технологияларын) зерделеу және олардың жаһандық және ұлттық ақпараттық кеңістіктегі проблемалық аспектілерін анықтау;
- персоналдық деректерді қорғаудың құқықтық қамтамасыз етілуіне әсер ететін стратегиялық сын-қатерлерді, соның ішінде жасанды интеллекттің ықпалын және «нормативтік турбуленттілік» феноменін зерттеу;
- Қазақстан Республикасының сот тәжірибесін талдау және персоналдық деректерді қорғау саласындағы құқық қолданудағы олқылықтарды айқындау;
- персоналдық деректерді қорғауды құқықтық реттеудің тиімділігін айқындайтын өлшемдер мен шарттарды қалыптастыру;

- персоналдық деректерді қорғаудың құқықтық реттеуін жетілдіру бағыттарын әзірлеу;

- халықаралық стандарттарды іске асыру тетігі ретінде «персоналдық деректерді қорғауды қамтамасыз етуге арналған құқықтық технология» тұжырымдамасын қалыптастыру;

- жүргізілген талдау негізінде Қазақстан Республикасының персоналдық деректерді қорғау саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу және ұлттық тәсілдерді озық халықаралық стандарттармен үйлестіру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау.

Диссертациялық зерттеудің объектісі персоналдық деректерді жинау, өңдеу, сақтау, пайдалану және трансшекаралық беру үдерістерінде туындайтын халықаралық және ұлттық қоғамдық қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәнін халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық ережелері, Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің (ЕО, АҚШ, ҚХР және басқалары) заңнамасы, сот практикасы және персоналдық деректерді қорғауға қатысты доктриналық көзқарастар құрайды. Пәнге персоналдық деректерді қорғау жөніндегі халықаралық шарттар мен актілерді (универсалдық және өңірлік), ұлттық заңнама нормаларын, прецеденттік және құқық қолдану практикасын, сондай-ақ ғылыми әдебиетте ұсынылатын ұсынымдар мен тұжырымдамаларды талдау кіреді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мәселенің қойылу өзектілігімен және алынған нәтижелермен айқындалады. Бұл жұмыс цифрлық жаһандану жағдайында персоналдық деректерді қорғауға арналған халықаралық құқық саласындағы отандық ғылымдағы алғашқы монографиялық зерттеулердің бірі болып табылады. Зерттеуде халықаралық жария құқық, ақпараттық құқық және салыстырмалы құқық тұрғалары біріктірілген, заманауи технологиялық үрдістер (ЖИ, үлкен деректер, заттар интернеті және т.б.) ескерілген. Бұл тақырыпты кешенді түсіндіру үшін жаңа ғылыми қадам болып табылады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. «Нормативтік турбуленттік» ұғымы жаһандық ақпараттық кеңістіктегі қазіргі халықаралық-құқықтық реттеудің сипаттамасы ретінде енгізіліп, ғылыми негізделді. Бұл феноменге авторлық анықтама ұсынылып, оның цифрлық технологиялардың (соның ішінде жасанды интеллекттің) трансшекаралық табиғаты мен юрисдикциялардың аумақтық сипаты арасындағы жүйелі алшақтықтан туындайтын құқықтық анықсыздық жағдайын сипаттайтыны көрсетілді. Нормативтік турбуленттік жаһандық реттеушілік ландшафттың фрагментациясынан, ұлттық құқықтық режимдер арасындағы қайшылықтардың пайда болуынан және жеке акторлардың фактілік нормашығармашылығының («өзіндік нормалау») күшеюінен көрініс табады. Бұл ұғым персоналдық деректерді қорғаудың халықаралық-құқықтық стандарттарын үйлестіру алдында тұрған сын-қатерлерді ғылыми тұрғыдан концептуализациялауға мүмкіндік береді.

2. Жаһандық ақпараттық кеңістікте адам құқықтарын іске асырудың шарты ретінде «екіншілік» (процедуралық) нормалардың «біріншілік» (субстантивтік) нормаларға трансформациясы туралы тұжырымдама ұсынылды. Деректерді

трансшекаралық өңдеу және алгоритмдік шешім қабылдау жағдайында процедуралық кепілдіктер (ашықтық, есептілік, хабардар болу қағидаттары) іргелі мәнге ие болатыны ғылыми негізделді. Бұл тұжырым халықаралық-құқықтық стандарттардың эволюциясымен (әсіресе GDPR және 108+ Конвенциясымен) расталады, онда аталған қағидаттарды сақтау персоналдық деректерді өңдеудің заңдылығының дербес шарты және жекелік өмірге қол сұқпаушылықты экстерриториалдық деңгейде тиімді қорғаудың қажетті элементі ретінде бекітіледі.

3. «Цифрлық іздер» ұғымының трансшекаралық табиғаты мен халықаралық-құқықтық маңызын ескере отырып, авторлық анықтама әзірленді. Цифрлық іздер жаһандық желідегі субъектілердің әрекеттері туралы мәліметтерді біріктіретін кешенді ақпараттық-құқықтық және криминалистикалық категория ретінде тұжырымдалды. Ұсынылған анықтама цифрлық іздердің халықаралық-құқықтық қосарлы табиғатын айқындайды: бір жағынан, олар юрисдикцияға тәуелсіз қорғауды қажет ететін персоналдық деректердің элементі ретінде құқықтық қорғау объектісі болып табылады; екінші жағынан, олардың жинақталуы мен пайдаланылуы халықаралық ынтымақтастықты және процессуалдық стандарттарды үйлестіруді талап ететін трансұлттық дәлелдеме құралы болып саналады (әсіресе Будапешт киберқылмысқа қарсы конвенциясы контекстінде).

4. Жеке деректерге арналған халықаралық-құқықтық режимді заңды тұлғаларға қатысты қолданудың мүмкін еместігі ғылыми негізделді. Универсалдық және өңірлік халықаралық-құқықтық құралдарды (АҚХПП, 108+ Конвенциясы, GDPR) және адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқық доктринасын талдау негізінде персоналдық деректерді қорғау құқығының субъектісі тек қана жеке тұлға болып табылатыны дәлелденді. Ақпараттық өзін-өзі айқындау құқығы адам қадір-қасиетінің ажырамас құрамдас бөлігі екендігі негізделді. Аталған құқықтық режимді ұйымдарға тарату қалыптасқан халықаралық консенсусқа және тиісті нормаларды телеологиялық тұрғыдан түсіндіруге қайшы келеді; заңды тұлғалардың ақпараттық активтерін қорғау халықаралық құқықтың өзге институттары арқылы қамтамасыз етіледі.

5. «Жеке деректерді қорғауды қамтамасыз етуге арналған құқықтық технология» ұғымы халықаралық міндеттемелерді имплементациялау тетігі ретінде тұжырымдалды. Жеке деректерді қорғаудың құқықтық технологиясы авторлық тұрғыда құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық құралдар мен рәсімдердің интеграцияланған жиынтығы ретінде ұсынылды (персоналдық деректерді қорғауға әсерін бағалау жүргізу, операциялар реестрін жүргізу және персоналдық деректер массивтерін түгендеу, «жобалау кезеңінде қорғау» қағидаты). Бұл құралдар жиынтығы персоналдық деректер субъектілерінің құқықтарын іске асыруға бағытталған. Ұсынылған модель халықаралық стандарттарды ұлттық құқықтық тәртіпте тиімді имплементациялау үшін қажетті тетік болып табылады, реттеушілік үйлесімділікті қамтамасыз етеді және жаһандық ақпараттық кеңістікте персоналдық деректердің заңды трансшекаралық ағындары үшін қажетті «тиісті қорғау деңгейіне» қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы персоналдық деректерді қорғаудың халықаралық-құқықтық негіздері туралы ғылыми түсініктерді дамытуымен айқындалады. Диссертациядағы тұжырымдар мен қағидалар халықаралық және ақпараттық құқық теориясын, әсіресе халықаралық нормалар мен цифрлық егемендік тұжырымдамасының арақатынасы мәселелерін толықтыра түседі. Ғылыми айналымға енгізілген жаңа ұғымдар құқық ғылымының ұғымдық-санаттық аппаратын байытып, келешектегі пәнаралық зерттеулерге негіз қалайды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы әзірленген тәсілдер мен ұсынымдардың Қазақстан Республикасындағы персоналдық деректерді қорғаудың халықаралық-құқықтық және ұлттық режимін жетілдіруге қолданбалы жарамдылығымен анықталады. Зерттеу барысында практикалық шаралардың кешені негізделді, оған мыналар кіреді: персоналдық деректерді қорғау жөніндегі тәуелсіз уәкілетті органды құру арқылы институционалдық реформаны жүзеге асыру; тәуекелге негізделген тәсілді және есептілік қағидатын жүйелі түрде енгізу (персоналдық деректерді қорғауға әсерін бағалау тетіктерін енгізу, персоналдық деректер бойынша операциялар реестрін жүргізу, жобалау кезеңінде және әдепкі бойынша қорғау қағидатын қолдану); ұғымдық аппаратты жаңғырту және дербес деректер субъектілерінің құқықтарын кеңейту; персоналдық деректерді трансшекаралық беру тетіктерін жаңарту; Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі шеңберінде жасанды интеллектті құқықтық реттеудің арнайы нормаларын әзірлеу; Қазақстан Республикасының 108+ Конвенциясына қосылуының қажеттілігін негіздеу.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері отандық және шетелдік басылымдарда, оның ішінде халықаралық ғылыми-метриялық базаларда (Scopus, Web of Science) индекстелетін журналдарда жариялану арқылы апробациядан өтті. Жекелеген нәтижелер халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды. Бес авторлық куәлік алынды.

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті халықаралық құқық кафедрасының кеңейтілген отырысында талқыланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы. Зерттеудің құрылымы қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді. Диссертация кіріспеден, негізгі бөлімнен (3 тарау және 10 тармақтан тұратын), қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздер тізімінен құралады.